

Ақтау ЖББ мектебі  
Қамқоршылық кеңестің хаттамасы № 1  
Күні 20.01.2023 ж.  
Кеңес төрағасы- Ынтықбаев Азамат Шалғынбайұлы  
Жиналыс хатшысы – Алибекова Гулнур Медетовна

Қатысқаны: 12  
Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңестің 2022 жылы атқарылған іс-шаралар есебі бойынша, алдағы жылға атқарылатын жұмыс жоспарымен таныстыру бойынша кеңес төрағасы А.Ынтықбаевтың сөзі.
2. Кеңес құрамын сайлау
3. Әлеуметтік педагог Ә. Тусупбекова қайырымдылық акция жұмыстарының жүргізілуі, аз қамтылған отбасы балаларының жаңа-жылдық шыршаға катысуын қамтамасыз етілгені туралы сөзі.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша, кеңес төрағасы А. Ынтықбаев қамқоршылық кеңестің өткен жыл бойына атқарылған жұмыстарына тоқталып, мектептің материалдық- техникалық базасының нығаюына септігін тигізген ауыл азаматтары мен түлектерін жекелеп айтып, алғысын білдірді. Қайырымдылық акция жүргізілуіне сай ауылдық округінің әкімі Ғ.Карибаевтың «Наурыз-2022» мерекесіне қатысып, ат салысқан оқушыларға өз қаражатынан 20 мың теңге және шаруа қожалықтарының төрағаларының әрқайсысы 5 мыңнан 50 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлық үлестіргендігін ерекшелеп айтты.

Мамыр айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша демеуші болған Айтуған Ырысалдының «Кітап- асыл қазына» атты оқушылардың кітап оқуға құлшынысын арттыру мақсатында айлық ауқымында өткізілген шарада демеушімен бірге келген Аман ақсақалдың жары Ырысалды әжесі екеуі осы шараға қатысқан 36 оқушының кітапқа деген қызығушылықтарын арнайы атап өтіп, «шешен Аман» атындағы арнайы стипендиямен озып шыққан үш буын оқушылары: 1- сынып - Отан Ақерке, 6-сынып- Әнуар Әбдәрраззақ, 8- сынып Сиазбек Кәусарларды марапаттағанын, сонымен бірге стипендия-50 мың теңге ақшалай сыйлық, «Қасым» баспасынан шыққан сиясы кеппеген жаңа көркем әдеби кітаптарын сыйға тартқанын айтты. Оқушыларды ынталандыру мақсатында 1-сынып- Ерболат Айару, 3-сынып- Медет Аяжан, 4-сынып- Әбілқайыр Жұмағазыға 10 мың теңге ақшалай сыйлық тапсырғандығына тоқталды.

XIV қарлығаш түлегі Балмағанбетов Қанат сөзінде мектептің игі істеріне риза екендіктерін айтып, сабақ берген ұстаздарын еске алып, ескерткіш ретінде қабырға суретін сыйға тартқандығын ескертіп өтті. Келесі кезекте сөз алған XVIII қарлығаш түлектері құттықтау сөз айта отырып, мектеп мұражайына өз түлектерінің мектеп қабырғасындағы 10 жылдық кезеңдерінен одан кейінгі 40 жылдық кезеңнен жинақталған альбом және спорт жабдықтарын сыйға тартқанын атап өтті.

Мектептің 46-қарлығаштарының атынан мектеп ішіндегі шағын орталыққа мектеп бітірулеріне 10 жыл толуына орай 400 мың теңге шамасында тұратын әткеншекті сыйға тартқанын қуана жеткізді.

28- қарлығаштар атынан мектептің материалдық базасын толықтыру мақсатында мектеп бітірулеріне 30 жыл толуына байланысты 30 түп қарағай егіп, мектеп ауласының көркеюіне зор үлес қосқанына ризашылығын білдірді.

Тамыз айында «Мектепке жол» акциясы бойынша жеке кәсіпкерлер А.Арунова, Н.Ынтықбековтер 20 000, мектеп ұжымы жалпы 80 000 теңгедей көмек жасағаны туралы кеңес төрағасы А.Ынтықбаев тілге тиек ете отырып, осы қаржының көмек қажет ететін оқушыларға оқу құралы, киім-кешек жағынан қарайласу үшін жұмсалғандығын айтты.

Желтоқсан айында мектеп директоры М. Аруновтың мәжіліс залының дыбыс шығару қондырғыларының істен шығуына байланысты құны – 55 000 теңге тұратын радио-микрофон әпергенін және оның компьютерге жалғанатын штекерге 7 000 теңге жұмсап, барлығы 67 000

теңге көлемінде өз қаражатымен көмек бергендігін айтты. Алдағы жылы атқарылатын іс-шаралармен таныстырып өтті.

Келесі кезекте сөз алған ата-аналар комитетінің төрағасы М. Достаев демеуші ретінде көмек қолын созған ауыл азаматтарына алғыс айтып, әр уақытта осындай игі істердің жүргізіліп отыратындығы туралы сөз қозғады.

Шешім етті:

Қамқоршылық кеңестің жұмысын одан әрі жандандырып, қайырымдылық жұмыстарын жүргізу жолға қойылсын, оны жүзеге асыру қамқоршылық кеңес құрамының мүшелеріне жүктелсін.

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша кеңес хатшысы Г.Алибекова бұрынғы кеңес мүшесі Мәдениет үйінің меңгерушісі Қ.Рахметованың зейнеткерлікке шығуына байланысты, орнына тағайындалған А.Ахмединаны енгізу қажет деп ұсынды. Қалған мүшелер орнында қалатынын айтты. Кеңес мүшелері бірауыздан мақұлдады.

Шешім етті:

Бұрынғы кеңес мүшесі Мәдениет үйінің меңгерушісі Қ.Рахметованың зейнеткерлікке шығуына байланысты, орнына тағайындалған А.Ахмедина енгізілсін

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Ә. Тусупбекова қайырымдылық акция жұмыстарының жүргізілуі, көп балалы және толық емес аз қамтылған отбасы балаларының жаңа жылдық шыршаға толықтай қатысуын қамтамасыз етілгені туралы айта келіп, Білім басқармасы Қазақстан Республикасы Президентінің атынан ұйымдастырылған Ұлытау облыстық әкімшілік шыршасына қатысқан толық емес, аз қамтылған отбасыдан Асылбек Аяна 90 000 теңге тұратын планшет және тәттілер қоржынын сыйға алғанын, ал аудандық әкімшілік шыршасына қатысқан 4 оқушының 2 смартфон мен 2 смарт сағат сыйға алып, қосымша тәттілер қоржынын алғанын айтты.


Келесі кезекте сөз алған «Мирас» шаруа қожалығының жетекшісі Н. Исаков өз сөзінде үкімет басшыларының аз қамтылған отбасыларына қолдау көрсетіп, көмек бергендеріне ризашылығын білдірді.

Шешім етті:

Демеушілерді тарта отырып, сонымен бірге көмекке зәру балаларға көмектесу жолын қарастыру қолға алынсын.

Кеңес шешімі:

1. Қамқоршылық кеңестің жұмысын одан әрі жандандырып, қайырымдылық жұмыстарын жүргізу жолға қойылсын, оны жүзеге асыру қамқоршылық кеңес құрамының мүшелеріне жүктелсін.
2. Кеңес мүшесі құрамына жаңа тағайындалған Мәдениет үйінің меңгерушісі А.Ахмедина енгізілсін
3. Демеушілерді тарта отырып, сонымен бірге көмекке зәру балаларға көмектесу жолын қарастыру қолға алынсын.

Жиналыс төрағасы: 

А.Ш. Ынтықбаев

Жиналыс хатшысы: 

Г.М. Алибекова